ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

«EDU.E-HISTORY.KZ»
ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 4(12) қазан-желтоқсан 2017
ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994

EDU.E-HISTORY.KZ

электрондық ғылыми журнал

2017, № 4(12)

ISSN 2710-3994

EDU.E-HISTORY.KZ

электронный научный журнал

2017, № 4(12)

ISSN 2710-3994

EDU.E-HISTORY.KZ

electronic scientific journal

2017, № 4(12)

Құрылтайшы:
Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Басредактор
Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

Редакциялық алқа:
Р. Абдуллаев (Өзбекстан), Н. Аблажей (Ресей), Б. Аяған, М. Әбусейітова, С. Әжіғали,
Н. Әлімбай, Б. Байтанаев, Қ. Жұмағұлов, Ғ. Кенжебаев, Б. Көмеков,
Мансура-Хайдар (Үндістан), Р. Масов (Тәжікстан), Ә. Мұқтар, В. Плоских (Қырғызстан),
Ю. Петров (Ресей), О. Смағұлов, Сон Ен Хун (Оңтүстік Корея), Е. Сыдықов,
У. Фиерман (АҚШ), А.Чубарьян (Ресей)

Жауапты редактор:
З. Төленова

Редактор:
Р. Көбеев

Редакцияның мекен-жайы:
050100, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ.,
Шевченко көшесі, 28,
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,
«Edu.e-history.kz»
электрондық ғылыми журналының редакциясы
Телефон: +7(727)272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru
Электрондық мекен-жай: https://edu.e-history.kz/

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген. Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

Учредитель и издатель:
РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Главный редактор
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:
Р. Абдуллаев (Узбекистан), Н. Аблажей (Россия), Б. Аяган, М. Абусеитова, С. Ажигали, Н. Алимбай, Б. Байтанаев, К. Жумагулов, Г. Кенжебаев, Б. Комеков, Мансура-Хайдар (Индия), Р. Масов (Таджикистан), А. Муктар, В. Плоских (Кыргызстан), Ю. Петров (Россия), О. Смагулов, Сон Ён Хун (Южная Корея), Е. Сыдыков, У. Фиерман (США), А. Чубарьян (Россия)

Ответственный редактор:
З. Толенова

Редактор:
Р. Кубеев

Адрес редакции:
050010, Республика Казахстан,
г. Алматы,
ул. Шевченко, 28.
Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова,
«Edu.e-history.kz»
Редакция электронного научного журнала
Телефон: +7(727)272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru
Сайт журнала: https://edu.e-history.kz/

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетелйство о регистрации: № 14602-ИА от 29.10.2014 г. Публикуется 4 раза в год (в электронном формате).

При повторной публикации статей, съемке на микрофильмах и других копиях необходимо обязательно ссылаться на журнал.

Founder and publisher:
RSE on REM “Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology"
of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

Editor-in-chief:
Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Editorial board:
R. Abdullaev (Uzbekistan), N. Ablazhey (Russia), B. Ayagan, M. Abuseyitova, S. Azhigali, N. Alimbai, B. Baitanaev, K. Zhumagulov, G. Kenzhebaev, B. Komekov, Mansura-Khaidar (India), R. Masov (Tajikistan), A. Muktar, V. Ploskikh (Kyrgyzstan), Y. Petrov (Russia), O. Smagulov, Song Yong Hoon (South Korea), E. Sydykov, W. Fierman (USA), A. Chubaryan (Russia)

Executive editor:
Z. Tolenova

Editor:
R. Kobeev

Editorial address:
050010, Republic of Kazakhstan,
Almaty,
28 Shevchenko Str.
Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology,
«Edu.e-history.kz»
Editorial electronic scientific journal
Phone: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru
Journal website: https://edu.e-history.kz/

The scientificjournal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, r egistration certificate:
No. 14602-ИА dated October 29, 2014. The journal is published 4 times a year (in electronic format).

When re-publishing articles, shooting on microfilm and other copies, it is necessary to refer to the journal.

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.
ӘОЖ / УДК / UDK 94(574:347.963(092)

ҚАЗАҚСТАН ДЕРБЕС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ
(мемлекет қайраткері С. Есқараевтың туғанына 120 жыл)

Қабдышев Б.Ж.[1], Нұрғалым Қ.С.[2]

[1]АЭжБУ (Алматы қ., Қазақстан) тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
[2]Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ (Алматы қ., Қазақстан) саясаттану ғылымдарының кандидаты

Аңдатпа. Мақалада С. Есқараевтың мемлекет қайраткері ретінде танылуы, шыңдалуы, өсуі құқық қорғау органдары жүйесінде қалыптасты. 1925 жылы Ішкі істер халқомы кейін алғашқы милиция мектебін ұйымдастырып, оны басқарғаны баяндалады. 1936 жылы С. Есқараевқа Қазақстанның дербес прокуратурасын құру жұмысы жүктеліп, оны ұйымдастыруда КСРО Прокуроры Вышинскийге, КСРО Әділет комиссары Крыленкоға материалдық және кадрлық жағынан қолдау сұрап қызметтік хаттар жазады. Қорытындысында С. Есқараевтың прокуратураны ұйымдастырудағы еңбегі жоғары бағаланып, Қазақстан үкіметі төрағасының орынбасары болады.
Түйін сөздер: прокуратура, губерния, Қазақ АКСР Кеңестердің V съезі, репрессия, халком кеңесі

ОСНОВОПОЛОЖНИК НЕЗАВИСИМОЙ ПРОКУРАТУРЫ КАЗАХСТАНА

Кабдушев Б.Ж.[1], Нурғалым Қ.С.[2]

[1]АУЭС (г. Алматы, Казахстан) кандидат исторических наук, доцент
[2]КазНИТУ им. Сатпаева (г. Алматы, Казахстан) кандидат политических наук

Аннотация. В статье рассматривается становление С. Ескараева как государственного деятеля КазАССР прошедшего школу в системе правоохранительных органов и в 1925 году возглавившего народный комиссариат внутренних дел и ставший организатором школы милиции в республике. В статье поднимается вопрос о том, что ответственность за создание независимой прокуратуры в 1936 году была возложена на С. Ескараева. В статье подчеркивается, что для решения проблем по созданию республиканской прокураторы С. Ескараев обращается к прокурору СССР Вышинскому, наркому юстиции СССР Крылову, проявив свои организаторские способности. Также описывается, что работа С. Ескараева в 20 годы была высоко оценена и он назначается зам. председателем Совнаркома Казахстана.
Ключевые слова: прокуратура, губерния, V съезд Советов КазАССР, репрессия, совет народных комиссаров

THE INDEPENDENT PROCECUTOR FOUNDER OF KAZAKHSTAN

Kabdushev B.Zh.[1], Nurgalym K.S.[2]

[1]Almaty University of Energy and Communications (Almaty, Kazakhstan) Candidate of Historical Sciences, Associate Professor
[2]KazSRTU named after Satpayev (Almaty, Kazakhstan) Candidate of Political sciences

Abstract. The article deals with the formation of S.Eskarayev as a statesman of KazASSR who had experienced at the school in the system of law authorities and in 1925 he become the ecader of the People's Commissariat of Internal Affairs and became the organizer of the militia school of the republic. It is said in the article that the responsibility for the creation of an Independent Prosecutory in 1936 was entrusted to S. Eskarayev. The article tells that for solving the problems of creating the Republic Procuratory S.Eskarayev appeals to the USSR prosecutor Vyshensky, and to the People's Commissar of Justice of the USSR Krylov, so that having shown his organizational skills. It is also described that S. Eskarayev's activity was highly appreciated and he was appointed as the Deputy Chairman of the Council of People's Commissars of Kazakhstan.
Keywords: Procecutor, gubernia, KazASSR's 5th Counsel meeting, repression, People Comissariat Counsel

Кіріспе

XX ғасырдың 20-30 жылдардағы іргетасы жаңа қаланған Қазақ Автономиялы республикасының ірге тасын қалауға ат салысқан ірі қайраткерлері қатарында саналатын Сүлеймен Есқараевтың тұлға ретінде қалыптасуы, өсу жолы, әсіресе мемлекеттік қызметімен байланысты ашылмай жатқан деректер жетерлік. Мысалы кеңес дәуірінің алғашқы он жылдығында үкімет басшылары үгіт-насихат жұмыстарынан да қол үзбей, үнемі мақала жазып, газет-журналдарда өз қызметіне қатысты бағыт-бағдарының оңы мен солын пайымдап атқарылған игілікті шаралардан хабардар етуді әдетке айналдырған болса, Сүлеймен Есқараевтың да 1920-1930 жылдардағы мерзімді басылым беттерінен орысша-қазақша жазылған мақалаларын кездестірген едік [1].

Заманымыздың заңғар жазушылары Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсіреповтың естеліктерінде, сондай-ақ ел ағасы Қонаев Дінмұхамед атамыздың Есқараев Сүлеймен туралы айтқан пікірлеріндегі ардақты азамат ретінде баға берген жылы лебіздерінің өзі-ақ, оның тұлғасын дараландырып, білуге құмарттыра түседі.

Қазақстанның дербес прокуратурасының негізін қалаушы көшбасшысы, жазықсыз жазаға ұшыраған С. Есқараевтың тәуелсіздік тұсында есімі қайтара жаңғырып, мерейтойлары аталып өтуі, туған топырағы Қызылорда жерінде көше аттары беріліп, ескерткіш қойылғаны, Алматыдағы көшеге, Бас прокуратура жанындағы ғылыми институтқа С. Есқараевтың есімі берілгені сияқты еске қалдыру шараларының атқарылуы үлкен игі іс болды.

Бұл мақаламызда мүлдем белгісіз болып келген деректерді (Қазақстан Республикасы Президенті мұрағатында сақталған жеке ісі, Қазақстан Республикасы Орталық мұрағатынан табылған С. Есқараевтың КСРО-ның Әділет комиссары Н. Крыленкоға, КСРО Прокуроры А.Я. Вышинскийге, Қазақ Өлкелік комитетінің хатшысы Левон Мирзоянға жазған хаттары т.б.) айналымға қоса отырып, С. Есқараевтың өмірі мен қызметінің кейбір тұстарын қайта қарап, пысықтап отырмыз.

Сыр өңірінің тумасы

…Небары 40 жыл өмір сүрген С.Есқараевтың ең соңғы атқарған қызметі Қазақстан үкіметі төрағасының орынбасары лауазымы болды. Бұл оның теориялық білімінің тереңдеп, қызметте шыңдалып, нағыз басшы ретіндегі толысқан шағы болатын. Қамшының сабындай қысқа ғұмыр кешкен осынау қайраткердің өмірбаяны жайында қызмет бабына қатысты толтырылған сауалнамалардан (анкета) ғана біліп жүрміз. Мысалы, Орталық мұрағатта С. Есқараевтың 2 беттік жеке қызмет парақшасы (личный листок) ғана бар. Ал ҚР Президентінің мұрағатында ҚАКСР астанасы Орынборға қызметке келгенде өз қолымен жазып, Қазөлкекомға өткізген өмірбаяны сақталыпты. 1937 жылы шілде айында Халком кеңесінің төрағасының орынбасары қызметіне кіріскен тұста жеке қызмет парақшасын қайта толтырып, баяғы жазған өмірбаянын қоса тіркеген

болуы керек.

С. Есқараев өзі туралы былай дейді: “Мен Сырдария губерниясының Қазалы уезіндегі Қуандария болысының көшпелі қазақ отбасында 1897 жылы дүниеге келгенмін. Әкем қатарынан болған қос жұттан соң бар малынан айырылып, дала өмірінің ауыртпалығы мен жоқшылығына тап болдық. 13 жаннан тұратын отбасын сақтап, қайыршылықтан құтқарудың жалғыз жолы қалаға көшу болды.

Қалада да материалдық жағдайымыз қиындап, адам төзгісіз халге жеткенді, өйткені қалада біздің танысымыз да болмағандықтан жұмысқа орналасу мүмкін емес-ті.

1910 жылдан мен екі ағаммен бірге темір жолда кірпіш құюшы болып еңбек жолын бастадым. 1912 жылдан темір жолда жол жөндеуші, ал 1917 жылдан 1919 жылға дейін темір жолда балғашы болып жұмыс істедім” [2]. 1915 жылы әке-шешесінің қайтыс болуы да, оның ерте есеюіне, өз бетімен өмірдің ыстық-суығына төселуіне себепші болды.

Лауазым баспалдақтары

С. Есқараевтың 1916 жылғы маусым жарлығынан туған қазақ ауылдарындағы дүрбелеңді де, 1917 жылғы қос төңкерістің бағыты мен мән-маңызын да жақсылыққа балап, өзінше ой түйгені анық. Перовскіде (қазіргі Қызылорда) ақ-қызыл болып билік ауысқанда жұмысшы табының өкілі ретінде оның большевиктер жағын таңдауы заңды еді. Ол жөнінде өзі: “1918 жылы Перовскілік Қызылгвардия тобына өз еркіммен сұранып, Ақтөбе өңіріндегі Черняевка майданына қатыстым” – деп жазды. Сол жылы оның большевиктер партиясының қатарына өткені деректерден мәлім. Азамат соғысына қатысқан С. Есқараевтың бұл күрделі кезеңге іштей баға да берді, қызылдар қатарында жүріп, соғыстың қазақ ауылдарына әкелген ауыр зардаптарын өз көзімен көріп, жаны күйзелді. Кеңестік билікке азамат соғысы жағдайындағы жүргізілген әлеуметтік-экономикалық саясатына наразы болған Осипов көтерілісін басуға қатынасты…

1919 жылдың қыркүйегінде уездік партия комитетінің жолдамасымен Ташкенттегі кеңестік партия қызметкерлерін даярлайтын мектепке оқуға жіберіледі. Содан 1920 жылдың мамырынан Сырдария губерниялық кеңестер съезін ұйымдастыру комитетінің нұсқаушысы, 1921 жылдың қаңтарынан Ақмешітте уездік комитетте ауыл шаруашылық бөлімінің меңгерушісі, сәуір айынан Ташкент облыстық Төтенше комитетінің бастығының орынбасары, 1922 жылдың тамызынан Ақмешіт уезі қалалық атқару комитетінің төрағасы, 1923 жылдың мамырынан Сырдария облыстық атқару комитетінің төрағасы болады. Аз уақыт ішінде бірқатар жауапты жұмыстарды атқарудың барысында ол ұйымдастырушылық, басқарушылық шеберлігін ұштап, өзінің істі шешудегі біліктілігі әрі принциптілігімен танылды. С. Есқараевтың бойынан басшыға тән ерекшеліктерді байқап, өзіне жақын тартып, қолдағандардың бірі көрнекті партия басшысы Сұлтанбек Қожанов еді.

1924 жылдың күзінде Түркістан АКСР-ы құрамындағы қазақ (Сырдария және Жетісу) облыстарын Қазақ АКСР-на қосу жайлы шешім қабылданды. Көп кешікпей саяси хатшы Сұлтанбек Қожанов бастаған бір топ қазақ басшылары Ташкенттен Орынборға қоныс теуіп, қызметтерін бастап кетті. С. Есқараевқа Қазақ Республикасының Ішкі істер комиссариатын басқару жүктелді. Әсіресе, Қазақстанның жаңа астанасы Ақмешітке (Қызылордаға) көшу тұсында Сыр өңірін жақсы білетін С. Есқараев мемлекеттік жұмыс комитеттерінің құрамына еніп, қаланы тәртіпке келтіру мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мол еңбек сіңірді. 1925 жылдың сәуірінде өткен Жалпықазақтық Кеңестердің V съезінде жаңғыртылған үкімет құрамында С. Есқараев Ішкі істер комиссары қызметіне тағы да бекітілді.

1925 жылдың күзінен Ф.И. Голощекин Қазақстанға келісімен үкімет құрамында терең тәжірибеден өтіп, басшылық қызметте қалыптасып үлгерген ұлттық қайраткерлердің арасында саяси жікшілдікті өрістетіп, бір-біріне қарсы айдап салудың айла-шарғыларын шебер қолданды. Ең әуелі өзіне қарсы тұрар тегеуіріні күшті көрнекті тұлғалар Сұлтанбек Қожановты, Смағұл

Сәдуақасов пен Жалау Мыңбаевтарды қызметінен кетіруге күш салып бақты. Мәселен, С.Қожанов Мәскеуге БК(б)П Орталық Комитетінің аппаратына Ұлт республикалары мен облыстары бойынша жауапты нұсқаушы қызметіне жіберілген соң, келесі кезекте олардың жақтастарын тазарту науқаны жаппай өріс алды. 1927 жылы Есқараев та (1924 жылдан) С. Қожановтың саяси бағытын қолдаушылардың бірі болғандығын мойындап, қызметінен кетуге мәжбүр болыпты. Голощекиннің тұсында Қазақстанда елдің мақсат-мүддесі жолында толыққанды қызмет ете алмайтынына көзі жетті. Лауазымнан төмендетілген С. Есқараев әуелі 1928 жылдың қаңтарынан 1929 жылдың желтоқсан аралығында Өлкелік милицияларды даярлайтын мектептің бастығы болады да, 1930 жылы 8 айлық даярлық курсында оқыған соң, Мәскеудің Жоспарлау Академиясының энергетика бөліміне оқуға түскен. 1932-33 жылдар Қазақстанның тарихындағы қаралы кезең. Голощекиндік жауыз саясаттың нәтижесінде қазақ шаруашылығы толығымен құлдырап, 2 миллионнан астам қазақтар аштықтан қырылды. 1933 наурызында Голощекиннің қателіктері партия тарапынан мойындалып, ол Қазақстаннан кетірілісімен орнына қазақтар “Мырзажан” атап кеткен Л.И. Мирзоян бірінші хатшы болып келгенде бұрынғы іскер басшылардың көпшілігі қайтадан қызметке тартыла бастады. 1933 жылдың маусымында С. Есқараев Қазақстанға қайта оралысымен, дәрежесіне сай 25 шілдеде Қарағанды облыстық атқару комитетінің төрағасы болып тағайындалған еді…

Дербес прокуратура құру жолында

1933 жылдың қаңтарында Қазақстан Республикасының Әділет халық комиссариаты құрамында прокуратура басқармасын құрып, республика прокуроры міндетін Әділет халық комиссарының бірінші орынбасарына жүктеу әрі құрылымы мен құзырын өзгерту шаралары оң нәтижесін бере алған жоқ. Көптеген мәселелер өз шешімін таппай, қордалана берді. Атап айтқанда, орталық аппаратты мамандармен жасақтау бар-жоғы 60 пайызға ғана қамтамасыз етілді. Тіпті бірқатар аудандарда прокуратура органдары құрылмаған болатын. Бір жағынан 1935 жылдың ортасында босаған республика прокурорының тікелей басшылық жасайтын қызмет орнына ешкім ұсынылмай ол мүлдем ескерусіз қалды.

1936 жылдың қаңтарында Қазақстан прокуратурасындағы қалыптасқан осы жайттарды баяндап Кеңестер Одағының прокуроры А. Вышинскийдің атына Республика прокурорының орынбасары қызметін атқарушы М.П. Овощников хат жазды. Оның баса назар аударған мәселесі партиялық тазалау науқаны барысында еріксіз қызметтерінен кетірілген бес прокурордың орнына орталықтан тәжірибелі, білімді мамандар алдырту және жарты жылдан бері орны бос тұрған республика прокурорын тағайындау еді. Орын алған ахуалға орталықтағылар аса алаңдаушылық білдіріп, Қазақ өлкелік партия комитетіне арнайы тапсырма берген еді. Сол жылдың 7 ақпанында аталған мәселе Қазөлкекомның төралқа мәжілісінде жедел қаралып, Әділет халық комиссары мен Республика прокуроры міндетін қайта біріктіріп бір қолға беру жөнінде шешім қабылдайды да, оған басшылық етуді Сүлеймен Есқараевқа жүктейді. Бұл міндетке Өлкелік партия комитетінің С. Есқараевты таңдауында үлкен мән бар. Ол ұзақ жылдар Қазақстанның Ішкі істер комиссариатын басқарған. Мәскеуде білімін жетілдірген соң 1933 жылдан Қарағанды облыстық атқару комитетінің төрағасы болды. Тәжірибелі, табанды, талапшыл азаматтың қасиеттерін Л.И. Мирзоянның өзі айрықша бағалаған болу керек.

1936 жылдың ақпанынан Әділет халық комиссары және Республика прокуроры міндетіне кіріскен тұстан-ақ С. Есқараев ең әуелі республикалық аппараттың, жергілікті сот, прокуратура органдарының ахуалымен мұқият танысады. Тексеру барысында байқалған кемшіліктерді жою шараларын белгілейді. Әсіресе айрықша көңіл бөлгені сот, прокуратура органдарын жергілікті партия органдарының ықпалынан шығару, білікті мамандармен толықтыру мәселелеріне ерекше күш жұмсайды.

1936 жылдың 6 сәуірінде С. Есқараев қызмет бабымен Мәскеуге жол жүріп кетті. 17 сәуірде оның РСФСР Әділет халық комиссариатының кеңесіне Қазақстандағы әділет саласында, әсіресе, прокуратурадағы орын алған кемшіліктерді терең талдаған баяндамасы тыңдалып, талқыға түсті. Соңында баяндама негізінде кеңес 19 баптан тұратын қаулы қабылдаған. РСФСР Әділет халық комиссары В.Крыленко қол қойып бекіткен жүзеге асырылуы тиіс бұл шаралардың кез-келгені еліміздегі құқық қорғау органдарының жағдайын тұрақтандырып, жақсартуға бағытталған көкейкесті мәселелер еді. Мәселен, сот прокуратура саласына жоғары білімді мамандар даярлайтын оқу орындарын ашу, олардың материалдық-техникалық базасын нығайтуға қаржы бөлу, Әділет комиссары және республика прокурорының рұқсатынсыз жергілікті прокурорларды, сот төрағалары, әділқазыларды қызметінен ауыстырмау, оларды қажетті көліктермен (облыс, аудан прокурорларына қызмет бабында мінілетін жеңіл машина бөлу), қажетті қаржымен қамтамасыз мәселелеріне айрықша назар аударылды.

Прокуратура қызметін ұйымдастыру барысында тік мінезді С. Есқараев аяқтан шалушы, қаралауға бейім тұратын шолақ белсенділерге қарсы тойтарыс беріп отырды. Мысалы, Мәскеуден тексеріспен келген Орталық Компартия өкілі Сахаровқа: "…Сіздің хатыңызда көрсетілген кейбір басшылардың партиялық тәртібін қадағалау менің (прокурордың – Б.Қ.) құзырымдағы іс емес. Ал сот, прокуратура кадрларына келсек, олардың түгелдей дерлік біздің ойлағанымыздай бола бермейтіндігін Сіз де, әсіресе, жолдас Тәтімов те жақсы білетін болар" − деп батыл жауап беруі соның дәлелі болса керек [3]. Яғни С.Есқараев партия мен үкімет тарапынан прокуратура қызметкерлерін саяси тұрғыдан айыптау ісіне мүлде қарсы болған заң қызметіндегі басшы болды.

С. Есқараев прокуратура құрылысындағы кадр тапшылығын шешу шараларының бірі ретінде Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қарағанды облыстарында ашылғалы жатқан ұлттық құқықтық мектептердің құрылысын (жатақхана, асхана, қызметкерлерге пәтерлер салдыруды) үзбей қадағалап, қамқорлық жасады. Ресейдің Қазан қаласындағы заң институтына ұлттық кадрлар даярлайтын оқуға 50 орын беру жөнінде келісім жасалды. Комиссариаттың ғимаратын қайта салдыртуды қолға алып, қаржы бөлдіртті.

Қызмет барысында оған жала жауып, орталыққа домалақ арыздар жазғандар да табылды. Күрмеуі қиын қысқа жіп байлауға келмей әбден қиналып жатқанда жасалған мұндай әділетсіз сорақылықтарға қатты күйінген комиссар әрі прокурор 1936 жылдың 26 мамырында РСФСР Әділет комиссары В.Крыленкоға қаймықпастан былай деп жазыпты: "Сіздің уәдеңіз бойынша 25 сәуірге дейін жіберілуге тиісті қаржы әлі аударылған жоқ. Оның сырын мен енді білдім… Егер өсек-аяңға ерген болсаңыз, онда менің атыма кір келтіргеніңіз. Айтпайын-ақ деп едім, бірақ Сіздің осылайша асығыс ұйғарым жасауыңыз мені ренжітті. Дегенмен, Сізді тағы да сендіргім келеді. Прокуратура, сот кадрларының ауыр жағдайы мені де ерекше толғандырып отыр. Сондықтан оларға тиесілі ақшаның соқыр тиынын да өзіме пайдаланбаймын" − деп ренішін білдірген [4]. Бұл өз ісіне жан-тәнімен берілген, жалтақтауға негізі жоқ қызметтегі кіршіксіз таза азаматтың сөзі. Тіпті 1937-38 жылдардағы Сталиндік террордың құқықтық концепциясын жасаған Әділет комиссары Н.Крыленко, КСРО-дағы ірі саяси сот процестерін ұйымдастырып айыптаушысы болған прокурор А.Я. Вышинскийлермен өзін тең ұстай білгендігін көріп отырмыз.

1936 жылдың күзінде Қазақстан Республикасының Әділет комиссариатынан ажыратылған дербес прокуратура құрылымын құру ісі қолға алынғанда, ол тағы да С. Есқараевқа жүктелді. Жұмыстың қыр-сырына әбден қанықкан қайраткер жаңа міндетіне ерекше күш-жігермен кірісті.

Қазақстанның дербес прокуратурасының штаттық кестесін жасап, мамандармен жасақтау, материалдық-техникалық базасын нығайту, атқарар құзырын нақтылау шараларының барлығы Сүлеймен Есқараевтың ұйымдастырушылық қабілеті, батылдығы, керек десеңіз зор беделі негізінде қысқа мерзімде жүзеге асырылды. Бір ғана мысал, сол кездегі РСФСР прокуроры А.Я.

Вышинскийдің өзі С. Есқараевты қорғап, Қазөлкеком басшысы Л.И. Мирзоянға жазған хаты Сүлеймен Есқараевтың прокурорлық қызметіне берілген баға іспеттес. Хаттың мәтінін сол күйінде өзгертпестен беріп отырмыз:

Секратарю Крайкома ВКП(б) Казахстана тов. Мирзояну.

Мною получена копия письма на Ваше имя Прокурора КАССР т. Ескараева. Он сообщает о таких фактах, мимо которых нельзя пройти и наличие которых свидетельствует о крайне ненормальном положении органов прокуратуры и суда в Казахстане.

Я глубоко убежден, что Вы по должному расцените эти факты и горячо станете на защиту интересов суда и прокуратуры. Я думаю, что Вы извините тов. Ескараеву резкость выражений, допущенных им в этом письме, хорошо понимая, что это резкость продиктована болью за положение органов Прокуратуры.

Очень прошу Вас, дорогой тов. Мирзоян, принять меры помощи. При встрече в Москве, если вы помните, я Вам со своей стороны обещал помочь прокуратуре людьми. Я постараюсь это обещание сдержать, как ни тяжело у нас обстоит дело с кадрами. Но нужно заранее иметь в виду, что при тех условиях, какие описывает т.Ескараев, никакие работники в Казахстане не удержатся и работы органов прокуратуры мы не улучим.

Надеюсь на Вашу помощь и прошу о ней, зная Ваше расположение и желание поднять прокурорскую работу на должную высоту.

С коммунистическим приветом – А.Я. Вышинский [5].

Деректерден білуімізше, С. Есқараев республика прокуратурасының жанұясымен қонақ үйлерде тұрып жатқан жауапты қызметкерлеріне тұрғын үй бөлуді, әрі бір ғимаратта қысылып қалған Жоғарғы Сот, Әділет комиссариатынан прокуратураны жеке шығарып, оған жаңа ғимарат бөлуді Халком кеңесінің төрағасынан да, Қазақстан Компартиясының бірінші хатшысынан да әлденеше рет талап еткен. Және бір мысал, жергілікті жердегі партия хатшыларының шексіз билігіне, олардың прокуратураны қолбала қылып ұстауға ұмтылған заңсыз әрекеттеріне қарсы шығып, тосқауыл қоюды жоғарылар тарапынан талап еткен де С. Есқараев болатын. Оны Әділет комиссары Оразғали Бораев пен Республика прокуроры Сүлеймен Есқараевтың облыстық прокурорлар мен облыстық соттардың төрағаларына жолдаған мына бір хатынан-ақ байқауға болады: “За последние годы имели место ряд случаев арестов, обысков и возбуждения уголовных преследований на народных судей и членов областных судов без предварительной на то санкции Прокурора Республики и Наркома юстиции КазССР.

Вопреки Постановлению ВЦИК и СНК РСФСР от 16 ноября 1922 года запрещающего каким бы то ни было органам производить арест и обыск нарсудей и членов облсуда без предварительного разрешения Прокурора Республики и Народного комиссара юстиции, имели место следующие конкурентные случаи нарушения указанного выше постановления:

1. По Алма-Атинской области, в связи с проверкой партдокументов, органами следствия без предварительного на то разрешения был арестован в 1936 году народный судья Аксуского района т. Аргамбаев. О возбуждении на него дела и его аресте никому сообщено не было.

Алма-Атинскому облсуду об этом стало известно лишь через полтора месяца. Суд в течении 1,5 месяца был закрыт на замок.

2. По той же области, об аресте народного судьи Балхашского района стало известно через Алма-Атинский облсуд лишь только по его заявлению, написанному после ареста в тюрьме.

3. По Карагандинской области, о привлечении к уголовной ответственности члена Карагандинского областного суда Абдукаримовой стало известно лишь после прекращения дела...” [6]. Осылай тізіліп кете беретін өрескел заң бұзушылықты мысалға келтіре отырып, Әділет халық комиссары мен Республика прокуроры құжатта алдағы уақытта мұндай

кемшіліктерге жол бермеу үшін нақты ұсыныстар жасады. Сот және прокуратура қызметкерлерін жауапқа тартудың және олардың ісін қараудың жаңа тәртібін белгілейді. Ақиқаты бұл заңдылықтың сақталуын қадағалайтын органдардың басшылары өз қызметтерін адал орындауға ұмтылған әрекеттері еді. Қылышынан қаны тамып жеке биліктің қаһары төгіліп тұрған сәтте қауіпті сезе тұра шырқыраған шындықты айтудан тайсалмаған оның осы ерлігін қалайша бағаламасқа?! Жергілікті жерде орын алған бұл бассыздықтар Халком кеңесіне, Қазөлкекомға, ақыр аяғы прокурор А.Я.Вышинскийге дейін баяндалып отырған. Сүлеймен Есқараевтың заңсыздық әрекеттерге қатысты мәселелерге өзіндік ой-пікір айтып, жеке көзқарастарын ашық жариялауы, әрине, жоғарыдағыларға ұнай қоймағаны анық. 1937 жылдың екінші жартысынан бастап елде жаппай жазалау өріс алған тұста С. Есқараев саясатқа сәйкес ыңғай таныта қойған жоқ. Керісінше үзілді-кесілді наразылық білдіруімен ерекше көзге түскен еді. Қызметтегі адалдық пен тазалық күшіне мінген тоталитарлық жүйенің озбыр саясатымен мүлдем үйлеспейтін еді.

Зобалаң күндер…

С. Есқараевтың бар еңбегін жоққа шығарып, оның жеке басын ашықтан-ашық айыптау науқаны 1937 наурыз айынан кейін (Лениннің серіктері Н.И. Бухарин, А.И. Рыковты және т.б. айыптап, қамауға алғаннан соң) басталды. Сол жылы 21 наурызда прокуратура тергеу қызметкерлерінің өткен активінде прокурор С. Есқараевтың баяндамасы тыңдалып, талқылау барысында қызметіне теріс баға берілді. Алайда бұл айыптаулар оның Қазақстан Халком Кеңесінің төрағасы орынбасары қызметіне, Қазөлкеком бюро мүшелігіне өтіп, лауазымының көтерілуіне кедергі болған жоқ. Ол жөнінде “Казахстанская правда” газеті 1937 жылы 22 қыркүйегінде (№21) былай деп жазды:

“В дни I партийного съезда органы НКВД арестовали (Овощникова) заместителя Ескараева, и все же руководители съезда выдвинули кандитатуру Ескараева в члены ЦК КП(б) Казахстана. Тут же на пленуме ЦК его избрали в бюро, и вскоре он оказался на посту 1-го заместителя председателя СНК Казахстана.

Коммунисты республиканской Прокуратуры, после перехода Ескараева на новую работу, стали понемногу приоткрывать завесу над преступными делами бывшего прокурора республики и его ставленников. Часть компрометирующих Ескараева материалов случайно попала к приехавшему из Москвы следователю по важнейшим делам Прокуратуры СССР. Узнав об этом, Ескараев обратился за защитой в ЦК КП(б) Казахстана и не ошибся в адресе. Он нашел здесь активную поддержку. Второй секретарь ЦК Нурпеисов, защищая врага Ескараева, вызвал к себе московского следователя и предложил ему … в 24 часа покинуть пределы Казахстана. Своевременному разоблачению буржуазных националистов сильно помешала политическая бесхребетность, беззубость печати Казахстана. ЦК КП(б) Казахстана систематически приучает редакторов газеты к сглаживанию острых углов, к подхалимству и угодничеству.

Подобное положение с самокритикой в Казахстане мешает разоблачить врагов, пробравшихся к руководству.

К. Пухов”.

1937 жылдың 22 қыркүйегінде “Правда” газетінде “Буржуазиялық ұлтшылдардың жетегінде” атты мақаланың жариялануына орай Қазақстан Компартиясының бюросының қабылдаған қарарынан үзінді келтірелік:

“БК(б)П ОК ақпан-наурыз пленумынан соң Сталин жолдастың нұсқауымен партия ұйымдары және ҚК(б)П Орталық Комитеті бірқатар контрреволюциялық, буржуазиялық, ұлтшылдық ұяларды талқандады, атап айтқанда, Қарқаралыда, Ақмолада, Ащысайда, Шымкентте т.б. Бұл контрреволюциялық ұялардың әшкереленуі партия ұйымдары және НКВД органдарына енген Ұ. Құлымбетов, Ж. Сәдуақасов, І. Құрамысов, С. Есқараев секілді ұлтшыл фашистерді әшкерелеуге мүмкіндік берді” [7].

1937 жылы 20 қазанда Қазақ ССР прокурорының орынбасары Покровскийдің Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіне жазбаша мәлімдемесінен: "…ҚАКСР прокурорының орынбасары Овощников республика прокуратурасы басшылығына келген ұлтшыл-фашист Есқараевпен тығыз қарым-қатынаста болды. Оған бүлдіру әрекеттерін жүзеге асыруға көмек берді" – дей отырып, Есқараевтың орынбасарларының бірі Бекарыстановқа да күйе жаққан (кейін Бекарыстанов та халық жауы ретінде қамалған).

Сүлеймен Есқараев Халық Комиссарлар Кеңесі төрағасының бірінші орынбасары болып тұрғанда 1937 жылы тамыздың басында ұсталған. 1937 жылы 4 тамызда басталған №11020 үш томдық тергеу ісі сол жылдың соңында аяқталады. Кезінде Әділет халық комиссары – Республика прокуроры, Ішкі істер халық комиссары және Қазақстанның дербес прокуратурасының негізін қалаушы, қамалған сәтте жоғары лауазымдағы Қазақстанның үкіметі басшыларының бірі болған Сүлеймен Есқараевқа РСФСР Қылмыстық кодексінің 58-2, 8, 11 баптарының негізінде айып тағылған. Есіл азамат жеті ай бойы азапты тар қапаста өткізеді. КСРО Жоғары Сотының Әскери алқасы өз үкімімен Сүлеймен Есқараевты 1938 жылы 25 ақпан күні ату жазасына кесті, сот мәжілісінің 15 сағат 20 минутта басталып, 15 сағат 40 минутта жабылғаны жайындағы құжат үш томдық істің соңында тігулі.

Тарихтың ақтаңдақтары аталатын зұлмат жылдар осындай зауалымен әйгілі. Кейін әділдік салтанат құрды, саяси қуғын-сүргін құрбандары ақталды, жазықсыз жапа шеккен еңбегі елеулі қайраткерлердің есімдерін ел қастерлеуде. Ұлтына қызмет жасау жолында өмірін сарп еткен өнегелі азаматтардың бірі, 1936 жылы Әділет халық комиссариатынан прокуратура өз алдына бөлініп шыққанда Қазақстанның дербес прокуратурасын құрып, басқарған бірінші прокуроры Сүлеймен Есқараев еді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. "Советская Степь" – 1926. –29 сентябрь (№222); –12-октября (№256).
2. ҚРПМ., 141-қор, 1-тізім, 11537-іс, 255-п.
3. ҚРОММ., 2014-қ., 1-т., 14-іс, 99-п.
4. Бұл да сонда, 13-іс, 33-п.
5. ҚРОММ., 2014-қ., 1-т., 13-іс, 22 – п.
6. Бұл да сонда, 1380-қ., 1-т., 272-іс, 81-84-п.п.
7. Политические репрессии в Казахстане в 1937-1938 гг. Сборник документов. – Алматы, 1998. – С.103.

МАЗМҰНЫ

Абдраханов Д.М.
ЛАТЫНДАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ТАРИХЫ.....8
Алексеенко А.Н., Әубәкірова Ж.С.
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР: ТУУ МЕН ӨЛІМНІҢ АЙМАҚТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 13
Алиясова В.Н.
XXI Ғ. СОҢЫ МЕН XX Ғ. БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДА СОЛТҮСТІК ЖӘНЕ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МҰРАЖАЙ ІСІ.....21
Алиясова В.Н.
СОЛТҮСТІК ЖӘНЕ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨЛКЕТАНУ МҰРАЖАЙЛАРЫНЫҢ ПАЛЕОНТОЛОГИЯЛЫҚ КОЛЛЕКЦИЯЛАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫНА.....27
Ғабитханұлы Қ.
ҚЫТАЙДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЖАЗУ ТАРИХЫ.....35
Далаева Т.Т.
ҚАЗАҚ БОЛЫСТЫҚТАРЫНДАҒЫ САЙЛАУШЫЛАР: ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ІС-ӘРЕКЕТІНЕ ТӘН ЕРЕКШЕЛІКТЕР (XIX Ғ. II ЖАРТ.-XX Ғ. БАСЫ).....42
Исабеков Ж.Б, Мейрманова Г.А.
ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ КИІМДЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ: ТАРИХНАМАЛЫҚ ТАЛДАУ.....51
Қабдышев Б.Ж., Нұрғалым Қ.С.
ҚАЗАҚСТАН ДЕРБЕС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ.....57
Қалиев Ж.Н.
ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ЖАЙЛЫ.....65
Қалшабаева Б.К., Қатият Қ.
ҚАЗАҚТАРДЫҢ БАЛА ТУУ, ТӘРБИЕЛЕУ ҮРДІСІНДЕГІ ДІНИ НАНЫМ-СЕНІМДЕРІ (Орталық Азия қазақтары материалдары бойынша).....71
Кәрібаев С.У., Жүнісбаев С.М., Савин И.С.
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ЖАСТАРЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ ЭТНИКАЛЫҚ БІРЕГЕЙЛІГІН ЗЕРТТЕУ.....79
Қозғамбаева Г.Б., Егізбаева М.Қ.
ҰЛЫ ҒАЛЫМ, ГЕОЛОГ – ҚАНЫШ ИМАНТАЙҰЛЫ СӘТБАЕВ.....85
Қосанов С.Қ.
Ш. МАРЖАНИ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТАРИХЫ.....89
Құбаев Ш.С.
ХАНТЕПЕДЕН ТАБЫЛҒАН ТЕРАКОТАНЫҢ ТҮСІНДІРМЕСІ ЖАЙЫНДА.....95
Мәжиқызы Н., Сандықбаева Ө.Д., Арыстанбекова Қ.Д.
НЫҒМЕТ МЫҢЖАНИ – ЭТНОГРАФ.....104
Мейрманова Г.А.
ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУДЕГІ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ҚОЛӨНЕРГЕ ҚАТЫСТЫ МӘЛІМЕТ ЖИНАУДАҒЫ ПРИНЦИПТЕР МЕН ҰСТАНЫМДАР.....109
Момынова Г.Т.
ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНДАҒЫ ТОПОНИМИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ.....116
Мұсабалина Г.Т.
XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ:РЕВИЗИЯ ТӘЖІРИБЕСІ.....122

Нұрсұлтанова Л.Н., Санатова М.К.
ҚАЗАҚСТАН МЕН ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ АРАСЫНДАҒЫ САУДА -ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР.....129
Нұртазина Н.Д.
ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНДАҒЫ ДІНИ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ.....136
Озанов А.Қ.
БОС УАҚЫТ ЖӘНЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ БОС УАҚЫТЫНЫҢ ТӘЖІРИБЕЛЕРІН ЗЕРТТЕУ.....140
Ошанов Ж.О.
1727-1732 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ-ЖОҢҒАР СОҒЫСТАРЫ.....146
Сайынова Б.
«ҚЫРҒЫЗДАРДЫҢ (ҚАЗАҚТАРДЫҢ) ЖЕР ПАЙДАЛАНУ МАТЕРИАЛДАРЫ...» - ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕК КӨЗІ РЕТІНДЕ.....160
Саркұлова С.Д., Берлібаев Е.Т.
ХХ ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ДІНИ МАЗМҰНДАҒЫ ҚАЗАҚ КІТАПТАРЫ.....166
Сәрсен А.К.
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ БІЛІМ ЭТНОСАЯСАТТЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ.....174
Сұлтанғалиева Г.С., Төлешова У.Ж.
БЕРКІМБАЕВТАР ӘУЛЕТІ: ЗАУРЯД-ХОРУНЖИЙДЕН РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ДВОРЯНЫНА ДЕЙІН.....179
Уалтаева А.С.
ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУДІҢ ТАРИХИ АСПЕКТІЛЕРІ.....185

СОДЕРЖАНИЕ

Абдраханов Д.М.
ИСТОРИЯ ВОПРОСА ЛАТИНИЗАЦИИ.....8
Алексеенко А.Н., Аубакирова Ж.С.
ДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ ТРЕНДЫ В КАЗАХСТАНЕ: РЕГИОНАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ РОЖДАЕМОСТИ И СМЕРТНОСТИ.....13
Алиясова В.Н.
МУЗЕЙНОЕ ДЕЛО В СЕВЕРНОМ И ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ В КОНЦЕ XIX – ПЕРВОЙ ПОЛОВИНЕ XX ВВ.....21
Алиясова В.Н.
К ИСТОРИИ ФОРМИРОВАНИЯ ПАЛЕОНТОЛОГИЧЕСКИХ КОЛЛЕКЦИЙ В КРАЕВЕДЧЕСКИХ МУЗЕЯХ СЕВЕРНОГО И ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА.....27
Габитханулы К.
ИСТОРИЯ ПИСЬМЕННОСТИ КАЗАХОВ В КИТАЕ.....35
Далаева Т.Т.
ВЫБОРНЫЕ (ВЫБОРЩИКИ) В КАЗАХСКИХ ВОЛОСТЯХ (ВТ. ПОЛ. XIX В. – НАЧ. XX В.): ФУНКЦИИ И СПЕЦИФИКА ДЕЯТЕЛЬНОСТИ.....42
Исабеков Ж.Б, Мейрманова Г.А.
ИЗУЧЕНИЕ НАЦИОНАЛЬНОЙ ОДЕЖДЫ КАЗАХСКОГО НАРОДА: ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ.....51
Кабдушев Б.Ж., Нургалым К.С.
ОСНОВОПОЛОЖНИК НЕЗАВИСИМОЙ ПРОКУРАТУРЫ КАЗАХСТАНА.....57
Калиев Ж.Н.
О ДЕЯТЕЛЬНОСТИ АССАМБЛЕИ НАРОДА КАЗАХСТАНА.....65
Калшабаева Б.К., Катият К.
РЕЛИГИОЗНЫЕ ОБЫЧАИ, ОБРЯДЫ И ВЕРОВАНИЯ КАЗАХОВ ПРИ РОЖДЕНИИ И ВОСПИТАНИИ РЕБЕНКА (по материалам казахов Центральной Азии).....71
Карибаев С.У., Джүнусбаев С.М., Савин И.С.
ИЗУЧЕНИЕ ГРАЖДАНСКОЙ И ЭТНИЧЕСКОЙ ИДЕНТИФИКАЦИИ МОЛОДЕЖИ ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ.....79
Козгамбаева Г.Б., Егизбаева М.К.
ВЫДАЮЩИЙСЯ УЧЕНЫЙ, ГЕОЛОГ КАНЫШ ИМАНТАЙУЛЫ САТБАЕВ.....85
Кусанов С.К.
МАРДЖАНИ И ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА.....89
Кубаев Ш.С.
К ИНТЕРПРЕТАЦИЙ ОДНОЙ ТЕРРАКОТЫ ИЗ ХАНТЕПА.....95
Мажикызы Н., Сандыкбаева Ө.Д., Арыстанбекова К.Д.
НИГМЕТ МЫНГЖАНИ – ЭТНОГРАФ.....104
Мейрманова Г.А.
ПРИНЦИПЫ СБОРА СВЕДЕНИЙ, КАСАЮЩИХСЯ РЕМЕСЕЛ КАЗАХОВ В ЭТНОГРАФИЧЕСКОМ ИССЛЕДОВАНИИ.....109
Моминова Г.Т.
НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМЫ ТОПОНОМИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ В ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА.....116
Мусабалина Г.Т.
МЕСТНЫЕ ОРГАНЫ УПРАВЛЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ XIX ВЕКА: ПРАКТИКА РЕВИЗИЙ.....122

Нурсултанова Л.Н., Санатова М.К.
ТОРГОВО - ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ОТНОШЕНИЯ МЕЖДУ КАЗАХСТАНОМ И ЕВРОПЕЙСКИМ СОЮЗОМ.....129
Нуртазина Н.Д.
ИЗУЧЕНИЕ РЕЛИГИОЗНЫХ ПЕРСОНАЛИЙ В ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА.....136
Озанов А.Қ.
ДОСУГ И ИССЛЕДОВАНИЕ ДОСУГОВЫХ ПРАКТИК СТУДЕНТОВ.....140
Ошанов Ж.О.
КАЗАХСКО-ДЖУНГАРСКИЕ ВОЙНЫ 1727-1732 ГГ.....146
Сайынова Б.
«МАТЕРИАЛЫ ПО КИРГИЗСКОМУ ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНИЮ...» КАК ИСТОЧНИК ПО ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА.....160
Саркулова С.Д., Берлибаев Е.Т.
КАЗАХСКИЕ КНИГИ ПО ИСТОРИИ И РЕЛИГИОЗНОМУ СОДЕРЖАНИЮ НАЧАЛА XX ВЕКА.....166
Сарсен А.К.
КУЛЬТУРА И ОБРАЗОВАНИЕ КАК ОСНОВЫ ЭТНОПОЛИТИКИ.....174
Султангалиева Г.С., Тулешова У.Ж.
ДИНАСТИЯ БЕРКИМБАЕВЫХ: ОТ ЗАУРЯД-ХОРУНЖЕГО ДО ДВОРЯНИНА РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ.....179
Уалтаева А.С.
ИСТОРИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ПЕРЕХОДА НА ЛАТИНИЦУ.....185

CONTENTS

Abdrakhanov D.M.
THE HISTORY OF LATINIZATION.....8
Alexseenko A.N., Aubakirova Zh.S.
DEMOGRAPHIC TRENDS OF KAZAKHSTAN: REGIONAL FEATURES OF FERTILITY AND MORTALITY.....13
Aliyassova V.N.
MUSEUM WORK IN THE NORTH AND EAST KAZAKHSTAN FROM THE END OF THE 19TH – THE FIRST HALF OF THE 20TH CENTURY.....21
Aliyassova V.N.
TO THE HISTORY OF FORMATION OF PALEONTOLOGICAL COLLECTIONS IN THE LOCAL HISTORY MUSEUMS OF NORTH AND EASTERN KAZAKHSTAN.....27
Gabitkhanuly. K.
HISTORY OF KAZAKH WRITING IN CHINA.....35
Dalayeva T.T.
VYBORNYE (ELECTORS) IN THE KAZAKH'S VOLOSTS (the second half of XIX – the beginning of XX century): FUNCTIONS AND SPECIFIC ACTIVITY.....42
Isabekov Zh.B., Meirmanova G.A.
THE STUDY OF NATIONAL COSTUMES OF THE KAZAKH PEOPLE: HISTORIOGRAPHIC ANALYSIS.....51
Kabdushev B.Zh., Nurgalym K.S.
THE INDEPENDENT PROCECUTOR FOUNDER OF KAZAKHSTAN.....57
Kaliev Zh.N.
ABOUT THE ACTIVITIES OF THE ASSEMBLY OF PEOPLE OF KAZAKHSTAN.....65
Kalshabayeva B.K., Katiyat K.
RELIGIOUS CUSTOMS, RITES AND BELIEFS OF KAZAKHS AT BIRTH AND UPBRINGING OF A CHILD (based on the materials of the Kazakhs of Central Asia).....71
Karibaev S.U., Junusbaev S.M., Savin I.S.
STUDYING OF CIVIL AND ETHNIC IDENTIFICATION OF YOUTH OF THE SOUTH KAZAKHSTAN REGION.....79
Kozghambayeva G.B., Yegizbaeva M.K.
OUSTANDING GEOLOG VERSUS SCIENTIST KANYSH IMANTAEVICH SATBAYEV.....85
Kusanov S.K.
MARDZHANI AND HISTORY OF KAZAKHSTAN.....89
Kubayev Sh.S.
TO INTERPRETATION OF ONE TERRACOTTA FROM HANTEPE.....95
Mazhikyzy N., Sandykbaeva U.D., Arystanbekova K.D.
NYGMET MYNZHANI WAS AN ETHNOGRAPHER.....104
Meirmanova G.A.
PRINCIPLES AND PRINCIPLES IN EDUCATIONAL INFORMATION ON ETHNOGRAPHIC STUDIES.....109
Mominova G.T.
SOME PROBLEMS OF TOPONOMIC RESEARCH IN THE HISTORY OF KAZAKHSTAN.....116
Mussabalina G.T.
LOCAL GOVERNMENTS IN KAZAKHSTAN IN THE SECOND HALF OF THE XIX CENTURY: PRACTICE OF REVISIONS.....122
Nursultanova L.N., Sanatova M.K.
TRADE AND ECONOMIC RELATIONS BETWEEN KAZAKHSTAN AND THE EUROPEAN UNION.....129

Nurtazina N.D.
STUDY OF RELIGIOUS PERSONALITIES IN THE HISTORY OF KAZAKHSTAN.....136
Ozanov A.K.
LEISURE AND INVESTIGATION OF STUDENTS' LEISURE PRACTICES.....140
Oshanov Zh.O.
THE KAZAKH-JUNGAR WARS 1727-1732 YEARS.....146
Saynova B.
"MATERIALS ON KIRGIZ LAND USE ..." AS SOURCE ON THE ECONOMIC HISTORY OF KAZAKHSTAN.....160
Sarkulova S.D., Berlibayev Y.T.
KAZAKH BOOKS OF HISTORY AND RELIGIOUS CONTENT AT THE BEGINNING OF THE XX CENTURY.....166
Sarsen A.K.
CULTURE AND EDUCATION AS THE FOUNDATIONS OF ETHNOPOLITICS.....174
Sultangalieva G.S., Tuleshova U.Zh.
BERKIMBAYEVS DYNASTY: FROM ZAURYAD-HORUNZHY TO THE NOBLEMAN OF THE RUSSIAN EMPIRE.....179
Ualtayeva A.S.
HISTORICAL ASPECTS OF THE TRANSITION TO THE LATIN ALPHABET.....185

EDU.E-HISTORY.KZ
электрондық ғылыми журналы
2017. 4(12)
Бас редактор: Қабылдинов З.Е.
Компьютерде беттеген: Зикирбаева В.С.
Жарияланған күні: 15.12.2017.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.
Құрылтайшысы және баспагері:
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК
Редакция мен баспаның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК
Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru.
Журнал сайты: https://edu.e-history.kz
Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй